

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы № 125 "Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін қосымша шаралар туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 89 Қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 06 мамырда № 11-5-115 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 13 маусымдағы № 132 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2012.06.13 № 132 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» және 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы № 125 «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін қосымша шаралар туралы» қаулысына (2009 жылы 8 маусымда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 11-5-82 болып тіркелген, аудандық «Жаңа өмір» газетінің 2009 жылғы 10 маусымдағы № 27-28(97-28) санында жарияланған) төмендегідей өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

қаулының 5 - тармағындағы «республикалық» деген сөзден кейін «және аудандық» деген сөздермен толықтырылсын;

қаулының 6 - тармағындағы «он бес мың» деген сөздер «жиырма алты» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Қылаңовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ.Боқанов

« К Е Л І С І Л Д І »

**«Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Каимова Сәнімгүл Нақыпқызы**

12 сәуір 2011 жыл

«Маңғыстау аудандық экономика
және қаржы бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастығының м.а.
Ұзақбай Әсемгүл Жылқыбекқызы

12 сәуір 2011 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК